



«Бекітемін»:
МККК «Балапан» мектепке
дейінгі ұйым меңгерушісі
Абдиганиева А.К

«Балдырған» ересек тобының
Қазақ тілі ҰІӘ – не арналған
Перспективалық жоспары
2022-2023 оқу жылы

Тәрбиешілер: Избасарова Ш.Б
Абдуллина Н.С

Аралтоғай ауылы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша перспективалық жоспар

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ «Балдырған» тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

Айы	ҮІӨ күні	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек		<p>Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді қалыптастыру. Қазақ тіліне тән «Ә» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдік грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп қолдана білуге бағыттау;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап беруге дағдыландыру.</p>
Қазан		<p>Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғаларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды реттеу, фонематикалық естуді дамыту, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді қалыптастыру. Қазақ тіліне тән «Ә, Ө» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры. Жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдік грамматикалық құрылымы. Сөздерді тәуелдеп қолдана білуге бағыттау;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.</p>

Қараша		<p>Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді дамытуды жалғастыру, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән «Ө» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры. Құстардың, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдік грамматикалық құрылымы. Сөздерді септеу арқылы қолдана білуге бағыттау.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру.</p>
Желтоқсан		<p>Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту жұмыстарын жалғастыру. Қазақ тіліне тән «Ө, Қ» дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры. Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдік грамматикалық құрылымы. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға үйрету.</p>
Қаңтар		<p>Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Қ» дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p>

		<p>Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жай сөйлемдер құрай білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балалардың бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға үйрету.</p>
Ақпан		<p>Тілдік дамытушы орта. Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Қ, Ү» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша жайылма сөйлемдер құрай білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балалар бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Наурыз		<p>Тілдік дамытушы орта. Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү, Ұ» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шешендік өнер, айтыс өнеріне қызығушылық ояту. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың</p>

		мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға үйрету.
Сәуір		<p>Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысу, әңгімелесушінің сөзін бөлмей тыңдауға, кезекпен сөйлеуге үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше дыбысы «І» дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.</p>
Мамыр		<p>Тілдік дамытушы орта. Өзінің және құрдастарының іс-әрекетін түсіндіруге, дәлелдеуге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінің ерекше «Ғ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға үйрету.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p>Сөздік қор. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Үлгі бойынша сөйлемдер құрау, өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға үйрету. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>